

Мәтін № 9.

24.08.2025.

Түркістан облысының білім сапасында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы  
Г.Алматовқа  
Телеби ауданы, «Ақбастау» бөбекжай – балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен

### Кемшіліктердің жойылғаны туралы есебі

Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2024 жылғы 24 қазандағы №1632 бұйрығымен бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2025 жылғы 01-шілде күнгі №907 бұйрығы негізінде 02-08 шілде күндері аралығында Түркістан облысы, Телеби ауданында орналасқан «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Нәтижесінде, мемлекеттік аттестаттау шарасын жүргізген комиссия құрамымен балабақшаның білім беру қызметінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын орындауда бұзушылықтар бар екендігі анықталған. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыс жүргізілді.

#### Анықталған кемшіліктер бойынша жүргізілген жұмыстар:

Балабақша тарапынан төменде көрсетілген кемшіліктерді түзету және ресми сайтқа орналастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде:

1. Бөбекжай - балабақшаның 2024-2025 оқу жылындағы ортаңғы «Күншуақ», «Ботақан» тобының ұйымдастырылған іс әрекет кестесі мен апталық циклограммалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес жасалынып, қателіктері жойылып, бөбекжай - балабақшаның [//https://akbastau.baqsha.edu.kz/](https://akbastau.baqsha.edu.kz/) ресми сайтына жүктелді.
2. Бөбекжай - балабақшаның 2024-2025 оқу жылындағы ортаңғы «Күншуақ», «Ботақан» тобының ұйымдастырылған іс әрекет кестесі бекітілген оқу жұмыс жоспарына сай жасалынып, қателік жойылып және апталық циклограммалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес жасалынып, қателіктері жойылып, бөбекжай - балабақшаның [//https://akbastau.baqsha.edu.kz/](https://akbastau.baqsha.edu.kz/) ресми сайтына жүктелді.

3. Үлгілік қағидалардың 2 тарау 24 тармағына сәйкес балабақша педагогтарының бес жылда 1 реттен сиретпей біліктілік санаттарын көтеру (растау) бойынша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 1-тарау, 8-тармақ 9) тармақшасына сәйкес анықталған кемшіліктер жойылып, педагог – модератор санатындағы балабақша меңгерушісі Исабек Шолпан Муратқызы меңгеруші қызметінен босатылып, әдіскер қызметіне ауыстырылды, меңгерушілік қызметке педагог - сарапшы санатты тәрбиеші Коспакова Баян тағайындалды. Дәлелді құжаттары бөбекжай – балабақшаның [//https://akbastau.baqsha.edu.kz/](https://akbastau.baqsha.edu.kz/) ресми сайтына жүктелді.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 1-тарау, 7-тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4-тарауының 25-тармағына сәйкес балабақшадағы тәрбиеленушілерді топтастыру жасақталып, ортаңғы «Ботақан» және «Күншуақ» топтарының тәрбиеленушілері жасына сәйкес топтастырылып, Ұлттық білім беру деректер қорынан жүктелген тәрбиеленушілер тізімі бөбекжай – балабақшаның [//https://akbastau.baqsha.edu.kz/](https://akbastau.baqsha.edu.kz/) ресми сайтына жүктелді.
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4-тарауының 26-тармағы талабына сәйкес 2024-2025 оқу жылындағы 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, жүзеге асырылған құжаттары толықтырылып, бөбекжай – балабақшаның [//https://akbastau.baqsha.edu.kz/](https://akbastau.baqsha.edu.kz/) ресми сайтына жүктелді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер жойылғандығын мәлімдей отырып, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 59-бабы 8-11 тармағына сәйкес Түркістан облысы, Төлеби ауданында орналасқан «Ақбастау» бөбекжай - балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарына сәйкестігіне қайта қорытынды беруді сұрайды.

Меңгеруші:



Б.Коспакова